



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№99 БАСПАСӨЗ РЕЛІЗІ**



**2014 жылғы 11 айда таза инвестициялық кіріс
188,7 млрд. теңгені құрады**

2014 жылғы 31 желтоқсан

Алматы

Бүкіл жинақтаушы зейнетақы жүйесі бойынша салымшылардың 2014 жылғы 11 айда тапқан таза инвестициялық кірісі 188,7 миллиард теңгені құрады. ҚР Ұлттық Банкі БЖЗҚ зейнетақы активтерінің кірістілігі 2014 жылдың соңына қарай 6,0% деңгейінде болады деп күтеді.

Ағымдағы жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы жүйесі бойынша шарттардың барлық түрлері бойынша салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) саны 10 110 949 бірлікті құрады (жылдың басынан бері өсім 613 915 бірлікті құрады).

2014 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтары 4,4 трлн. теңгеден асты. Зейнетақы жинақтарының өсімі жылдың басынан бері 700 млрд. теңгені құрады.

Ағымдағы жылғы 11 айда жинақтаушы зейнетақы жүйесі бойынша зейнетақы төлемдерінің сомасы 95,4 млрд. теңгені құрады, оның ішінде сақтандыру ұйымдарына аударылған сома 10,8 млрд. теңгеден асады.

БЖЗҚ-да комиссиялық сыйақы жеке ЖЗҚ-дағы комиссиялық сыйақымен салыстырғанда екі есе төмендеді: инвестициялық кірістің 15%-нан 7,5%-на дейін және зейнетақы активтерінің айына 0,05%-нан 0,025%-на дейін.

Зейнетақы активтерін қабылдау аяқталған сәттен бастап қате зейнетақы шоттарының саны 30 мың бірлікке дерлік қысқарды.

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілген жарналардың жаңа түрі бойынша шарттар жасасу жұмысы жалғасуда. 1 желтоқсандағы жағдай бойынша жалпы жинақ сомасы шамамен 23,4 млрд. теңгені құраған алушылардың осы санаты үшін 342 974 ЖЗШ ашылды.

Өңірлік желі

2014 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша БЖЗҚ өңірлік желісінде 240 қызмет көрсету офистері бар. Қордың өңірлік құрылымына 18 филиал кіреді – әр облыс орталығында, республикалық мәні бар қалаларда (Алматы және Астана), сондай-ақ облыстық бағыныстағы ірі қалаларда (Жезқазған және Семей) бір-бірден. Филиалдар жанынан 23 бөлімше және 199 қызмет көрсету орталығы ашылды.

2015 жылы Алматы, Астана, Қарағанды және Павлодар қалаларында тағы 6 офисті ашу жоспарланып отыр.

Салымшыларды хабардар ету

БЖЗҚ біріктіру процесі аяқталған соң активтері 2014 жылы қабылданған бес ЖЗҚ салымшыларын (алушыларын) қосымша хабардар етті. 2014 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша осы қорлардың 4 307 892 салымшылары (алушылары) олар таңдап алған

тәсілдерге сәйкес, оның ішінде пошта байланысы арқылы — 2 219 059 салымшы хабардар етілді.

БЖЗҚ ақпаратты алудың қазіргі заманғы тәсілдерін ұсынады: қордың www.enpf.kz сайты немесе мобильдік телефон арқылы. Android, iOS және Windows Phone операциялық жүйелерінде жұмыс істейтін смартфондар мен планшеттерге арналған ENPF мобильдік қосымшалары кеңінен қолданылады. Мобильдік қосымша іске қосылған сәттен бастап 2014 жылғы 1 желтоқсанға дейін 22 000-нан астам көшіріп алу жүргізілді.

Өзінің жеке зейнетақы шотының (ЖЗШ) жай-күйі туралы ақпаратты интернет арқылы алу тәсілін таңдаған салымшылар (алушылар) бұл қосымшаны пайдалана алады. Салымшы «БЖЗҚ» АҚ-тың сайтына кіретін сол логиндер мен парольдерді авторизациялау үшін пайдалануы мүмкін. Интернет арқылы хабардар ету тәсілін таңдау үшін қордың кез келген бөлімшесіне бір рет бару және хабардар ету тәсілін өзгерту (айқындау) жөніндегі келісімді жасау қажет. Бұны жеке өзі жасауы қажет, өйткені зейнетақы жинақтары туралы ақпараттың конфиденциалдылығы сақталуға тиіс.

БЖЗҚ-ның электрондық форматтағы инвестициялық кірісті ескере отырып, салымшылардың зейнетақы жинақтарының жай-күйі жөніндегі ақпаратты ұсыну бойынша қызметін Мемлекеттік қызметтер тізіліміне енгізу бойынша жұмыс аяқталу сатысында. БЖЗҚ-ның ақпараттық жүйесін электрондық үкіметтің (e-gov) порталымен интеграциялау салымшыларға/алушыларға e-gov порталынан ЗТМО-ның зейнетақы жарналарын аудару жөніндегі анықтамаларымен қоса БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шоттарынан үзінді-көшірмелерді де алуға мүмкіндік береді.

Зейнетақы заңнамасына сәйкес «БЖЗҚ» АҚ міндетті, міндетті кәсіптік және ерікті зейнетақы жарналарын тартады; зейнетақы жинақтарын төлеуді және зейнетақы активтері мен инвестициялық портфельді есепке алуды жүзеге асырады. БЖЗҚ зейнетақымен қамсыздандыру туралы барлық қолданыстағы шарттар бойынша құқықтық мирасқор болып табылады және бұдан бұрын жеке жинақтаушы зейнетақы қорлары арасында бөлінген барлық зейнетақы активтерін жинақтайды. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ҚР Ұлттық Банкі зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды жүзеге асырады.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2508 389, +7 (727) 2704 639, e-mail: press@nationalbank.kz, press@enpf.kz, www.nationalbank.kz.